

Бекітілді:
Әдіскер:

Оржанова.А.Қ

**"Қызғалдақ" ортаңғы тобының "Өнерлі екен он саусақ" вариативтік
компонент ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Тәрбиеші: Аязбаева М.А.

2021-2022 жж

Түсінік хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Беряев).

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

«Өнерлі екен он саусақ» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

"Өнерлі екен он саусақ" вариативтік компоненттің мақсаты:

- Вариативтік компонентте балалардың шығармашылық қызығушылығын арттыру;
- Балалардың ой-қабілетін қиялымен ұштастыра білуге үйрету;
- Балаларды қағаз түрлерімен, ермексаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.
- Эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін, шығармашылық құзіреттілігін меңгерген мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын дамыту.

"Өнерлі екен он саусақ" вариативтік компоненттің міндеттері:

- Балаларға қарапайым пішіндерді қиып және өз еркімен, шығармашылық пен қиялын таныта отырып, үлгіге қарап бейне құрастыруға үйтеру.
- Заттарды бейнелеу тәсілдері мен қажетті құралдарын өз еркімен таңдап алуға үйрету.
- Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету. Баланың қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық процестерін дамыту.

"Өнерлі екен он саусақ" вариативтік компонент аптасына 1 сағат, барлығы 12 сағат.

Тақырыптық жоспар үлгісі

Айы	№	Тақырыптар	Мақсаты	Әдіс - тәсілі	Көрнекіліктер
Наурыз	1	«Аналарға сыйлық (Құттықтау ашық хат) (жапсыру)	Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау.	Көрсету, түсіндіру, айту.	мочалка (губка), желім, қайшы.
	2	Гүлдер әлемі сурет	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу	Көрсету, түсіндіру, айту.	Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қағаз.
	3	Орманда қол еңбегі	Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Сюжетті суреттер

	4	Колде жүзген аққу мүсіндеу	Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Тақырыптық суреттер
Сәуір	5	Қайықша. бүктеу	Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Қайықшаның суреті
	6	Қонжық (қол еңбегі)	Аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Өртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Қонжықтың суреті.
	7	«Алқаптағы гүлдер» жапсыру	«Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Алқаптағы гүлдердің суреттері
	8	Құстар (сурет салу)	Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Құстардың суреттері
Мамыр	9	Жаңбыр (саусақпен сурет салу)	Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Көрнекі суреттер
	10	Шалғын шөптер (жапсыру)	Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Сюжетті суреттер
	11	Жайлауда (қол еңбегі)	Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі заттардан бейнелеп жасау.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Сюжетті суреттер
	12	«Шығармашылық көрме ұйымдастыру»	Балаларға шығармашылық көрме ұйымдастыру. Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарын көрсету.	Көрсету, түсіндіру, айту.	Суреттер, жасаған жұмыстар.
		Барлығы		12сағат	